

Н.С. Байжуманова¹, А.С. Раимкулова²

¹Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан;

²Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университеті, Бішкек, Қырғызстан
(*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: _nazira82_@mail.ru)

¹ORCID 0000-0001-9078-5849

²ORCID 0000-0002-0510-6125

Болашақ педагогтың өзін-өзі ұйымдастыру құзыреттерін қалыптастыруда өзіндік жұмыстың рөлі

Мақалада болашақ педагогтың өзін-өзі ұйымдастыру құзыреттерін қалыптастыруда жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында (бұдан әрі — ЖЖОКБҰ) ұйымдастырылатын өзіндік жұмыстардың рөлі мен олардың өзара байланысы қарастырылған. Өзіндік жұмыстың ЖЖОКБҰ-дағы педагогикалық үдерістің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі ретінде және оның берер мүмкіндіктері сипатталған. Сонымен қатар, өзіндік жұмыстың дидактикалық мақсаты анықталып, оларды ұйымдастыру ерекшеліктері мен қолданылатын әдіс-тәсілдерге сипаттамалары берілген. Зерттеудің мәселелері болашақ педагог жеке басының өзін-өзі ұйымдастыруын қалыптастыру үдерісінің мәні мен рөлін анықтауда ашылады. Жұмыстың мақсаты — болашақ педагогтардың өзін-өзі ұйымдастыру құзыреттерін қалыптастыру үшін қажетті тиімді тәсілдер мен педагогикалық дағдыларды айқындауға негізделеді. Зерттеудің теориялық маңыздылығы — дұрыс және тиімді ұйымдастырылған өзіндік жұмыс болашақ педагогтың кәсіби қызметіне қажетті қасиеттердің, сонымен қатар өзін-өзі ұйымдастыру құзыреттерінің қалыптасуына тікелей ықпалын тигізетіні туралы мақалада сипатталған. Өзіндік жұмыстар аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарды ұйымдастыру төңірегінде қарастырылды. Болашақ педагогтарды даярлау барысында өзіндік жұмыс өзін-өзі ұйымдастыруға қажетті қасиеттері мен қабілеттерін, ақыл-ой еңбегі мәдениетін, жаңа білімді өздігінен игеру дағдыларын қалыптастыруға айтарлықтай әсер етеді. Осыған орай, зерттеу жұмысына болашақ педагог ретінде Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің ғылыми-педагогикалық бағытындағы магистратураның білім алушыларына сауалнама жүргізілді және олардың нәтижелері ұсынылды. Сауалнаманың нәтижелері магистранттар арасында оқу іс-әрекетінің өзін-өзі ұйымдастыру құзыреттерін қалыптастыруда оң динамиканы байқауға болады, демек бұл кәсіби құзыреттердің қалыптасуын көрсетеді.

Кілт сөздер: өзін-өзі ұйымдастыру, өзіндік жұмыс, болашақ педагог, магистрант, педагогикалық үдеріс, педагогикалық дағды, құзырет, кәсіби қызмет, ЖЖОКБҰ.

Кіріспе

Бүгінгі күні жаһандану үдерісі еліміздің барлық салаларына, соның ішінде әлеуметтік-экономикалық, білім беру және мәдени салаларымен қатар, жалпы қоғамға ерекше әсер етті, себебі бұл салаларда болып жатқан алуан түрлі өзгерістер жеке тұлғаның дамуына тікелей әсерін тигізбей қоймады. Тиісінше, бұл фактор болашақ маманның зияткерлік, адамгершілік, жалпы мәдениет деңгейін, кәсіби салада дамуына байланысты өз қызметінің шекараларын үнемі жетілдіріп отыруды және оны кеңейтуді талап етеді, біз мақалада осы мәселені өзін-өзі ұйымдастыру құзыреттерін игеру арқылы мүмкіндігін қарастырамыз. Осыған орай, болашақ маманның өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі жетілдіру қабілеттеріне жоғары талаптар қойылады. Сол себепті, түлектер жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында (бұдан әрі — ЖЖОКБҰ) меңгерген білімдерімен шектеліп қалмауы тиіс. Демек, кез келген кәсіби қызмет саласындағы болашақ маман, әсіресе педагог үшін жеке тұлғаның өзін-өзі ұйымдастыру құзыреттерін қалыптастыру мәселесінің өзекті екендігін осы тұстан байқауға болады, ал өзін-өзі ұйымдастыру құзыреттерін өз бетінше жұмыс істеуге үйрену арқылы қалыптастыруға болады. Себебі, өзіндік жұмыс барысында болашақ маман үшін маңызды қабілеттер мен дағдылардың қалыптасуымен қатар, өзін-өзі ұйымдастыруға қажетті жеке қасиеттер де дамиды [1; 13].

ЖЖОКБҰ-ның оқу іс-әрекетінде болашақ педагогтардың өзін-өзі ұйымдастыру құзыреттерін қалыптастыру мүмкіндіктерін анықтау үшін, ең алдымен ғылыми-педагогикалық салада бұл мәселені ашып қарастыратын отандық, ресейлік және шетелдік бірқатар сапалы зерттеулерге талдау жасауды жөн көрдік. Соңғы екі онжылдықта білім алушылардың өзін-өзі ұйымдастыру үдерісінің

ерекшеліктерін зерттеуге арналған жұмыстар пайда болды. Өзін-өзі ұйымдастыру және осы бағытта білім алушылардың құзыреттерін қалыптастыру мәселесі бойынша қамтылған отандық ғылыми зерттеулерден Е.Н. Аграновичтің «Тайм-менеджмент» технологиясы негізінде студенттердің оқу қызметін өзін-өзі ұйымдастыру» жұмысын атап өтуге болады. Алайда, бұл бағытта басқа қазақстандық ғалымдардың еңбектері жоқ деуге болады.

Өзін-өзі ұйымдастырудың теориялық негіздерін зерттеуге үлесін қосқан ресейлік ғалымдардың ішінен А.Д. Ишков, С.С. Котова, С.А. Косарева, О.Н. Князькова, Ч.И. Низамова, М.А. Пахмутова, М.А. Реунова және т.б. еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

Өзін-өзі ұйымдастыруды зерттеуге білім алушыларда өздігінен білім алу және өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын қалыптастыру мен педагогикалық жағдайларын зерттеумен айналысқан Г.С. Закиров [2], өзін-өзі ұйымдастырудың психологиялық аспектісін және оның зерттеу қызметінің стиліне байланысты дамуын зерттеген М.А. Пахмутова [1]; гуманитарлық ғылымдар студенттерінің өзін-өзі ұйымдастыруының ерекшеліктерін анықтаған Н.В. Шмурыгина [3] еңбектерінің үлесі зор. Сонымен қатар, Х.Х. Наинг [4] синергетикалық тәсіл негізінде өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру; О.Н. Логвинова [5] оқушылардың технологиялық білімінде оқу іс-әрекетін өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын дамыту; С.С. Котова [6] студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетінің өзін-өзі ұйымдастыруын қарастырған.

Алайда, өзін-өзі ұйымдастыру құрылымына, оның мазмұны мен функционалдық компоненттеріне қатысты білім алушылардың өзін-өзі ұйымдастыруын дамыту процесі туралы теориялық білімнің үлкен көлеміне қарамастан, педагогика ғылымында білім алушылардың оқу іс-әрекетінде өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру үдерісін педагогикалық қолдаудың кешенді талдауы ұсынылған жүйелі зерттеулер аз. Технологияның өзін-өзі ұйымдастыру құзыреттерін қалыптастыру әлеуетіне қарамастан, оқу үдерісінде уақытты басқаруды қолдану мүмкіндігі мен тәсілдерін көрсететін жұмыстар көлемі аз. Сонымен қатар, қызметті өзін-өзі ұйымдастыруға қажетті құзыреттер мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған нақты жұмыстардың жоқ болуына орай, ЖЖОКБҰ-да өзіндік жұмысты ұйымдастыру кезінде білім алушылардың, оның ішінде болашақ педагогтың өзін-өзі ұйымдастыру құзыреттерін қалыптастыруды қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып қала береді.

Болон жүйесі шеңберінде республиканың ұлттық білім беру жүйесінде ЖЖОКБҰ-да жүзеге асырылатын «бакалавриат — магистратура — докторантура» үш деңгейлі дайындық жүйесімен байланысты. Бұл жүйе біліктілікті (бакалавриат) және белгіленген тәртіппен академиялық (магистратура) және ғылыми дәрежелерді (докторантура) тағайындауға бағытталған. Оның енгізілуімен білім алу үдерісі көп деңгейлі (жоғары оқу орнына дейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық), көп сатылы (мектеп, колледж, жоғары оқу орны, магистратура, докторантура) болып келеді [7]. Соған орай, үздіксіз білім беруді қолға алу мақсатында еліміздің ЖЖОКБҰ-да өз бетінше жұмыс істеуге бөлінген сағаттардың үлесін ұлғайту идеялары жүзеге асырылды.

Педагогикаға «өзін-өзі ұйымдастыру» ұғымы бірнеше сабақтас ғылымдардан енген, олардың қатарына философия, жаратылыстану, синергетика және психология сияқты ғылымдарды жатқызуға болады. Философия және жаратылыстану ғылымдары тұрғысынан өзін-өзі ұйымдастыру заттардың сапалы жаңа қасиеттерінің пайда болуының, тепе-тең емес дамушы жүйелердегі реттіліктің жоғарылауының немесе ішкі себептердің әсерінен жүйелерге сыртқы ортамен өзара әрекеттесу кезінде ашық тепе-тең емес дамушы жүйелердегі тәртіп дәрежесінің пайда болуы мен тереңдеу үдерісінің маңызды факторы болып табылады [8; 9].

Синергетика тұрғысынан «өзін-өзі ұйымдастыру» күрделі, тепе-теңдіктен алыс, сыни нүктелердегі сызықтық емес жүйелердегі кеңістік-уақыттық құрылымдарды макроскопиялық реттеу үдерісі түсіндіріледі. Мұнда жүйенің күйі тұрақсыз болады және шамалы ауытқулардың әсерінен күрт өзгеріп, тепе-теңдік орнағанға дейін одан әрі дамудың көптеген жолдарымен жүре алады. Синергетикалық теория өзін ашық, сызықтық емес жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыру теориясы ретінде көрсетіп, қоршаған әлем туралы идеяларды «адам-қоғам-табиғат» үйлесімді жүйесіне біріктірумен ерекшеленеді [9; 45].

С.П. Капицаның пікірі бойынша «синергетиканың негізгі идеясы — бұл өзін-өзі ұйымдастыру үдерісінің нәтижесінде тәртіпсіздік пен хаостан тәртіп пен ұйымдастырудың өздігінен пайда болуының принципті мүмкіндігі туралы идея» екендігін атап өтеді [10; 7]. Хтун Хтун Наинг өзін-өзі ұйымдастыру теріс ауытқулар мен оң байланыстардың энергия ретінде өзара әрекеттесуінен туын-

дайтынын ескере отырып, ашық және тепе-теңдік емес жүйелерді қарастырады. Демек, автор өзін-өзі ұйымдастыру жүйеге оң және теріс әсер етуі мүмкіндігін анықтайды [4; 12].

Психология тұрғысынан «өзін-өзі ұйымдастыру» ерік-жігердің көмегімен басқарылатын және сана мен зияткерлік механизмдер арқылы жүзеге асырылатын тұлғаның бойында бар, игерген және игерілетін қасиеттерін біріктіру мүмкіндігі. Психологиялық көзқарас бойынша ерікті қасиеттерімен ерекшеленбейтін адам өз қызметін өзін-өзі ұйымдастыра алмайды. Сонымен, өзін-өзі ұйымдастыру құзыреті мінез-құлық мотивтерінде көрінеді, ерік-жігермен басқарылады және реттелген іс-әрекетте жүзеге асырылады. Өзін-өзі ұйымдастыру тұлғаның дербестігін және белгілі бір психикалық жүйені қалыптастырады. Адам өзіне тән қасиеттерін, психикасын, мотивтерін, мақсатын, дүниетанымын, яғни өзін жеке тұлға ретінде таныған кезде өзін-өзі ұйымдастыру жеке жетілудің көрсеткіші ретінде қарастырылады [8; 9].

Педагогика тұрғысынан «өзін-өзі ұйымдастыру» жеке тұлғаның іс-әрекеті, өзін және уақытын ұйымдастыра білуге байланысты қабілеті ретінде анықтайды. Оның мақсат, белсенділік, мотивация, өз қызметін жоспарлау, дербестік, шешім қабылдаудың жоғары жылдамдығы және олар үшін жауапкершілік, іс-әрекет нәтижелерін сыни бағалау, міндет сезімі сияқты көріністері бар. О.А. Анисимов өзін-өзі ұйымдастыруды кәсіби қабілеттің ең жоғары деңгейі ретінде қарастырды [11; 75]. Педагогикадағы өзін-өзі ұйымдастыруды іс-әрекет ретінде сипаттауға, сонымен бірге кәсіби шеберлік, жеке қасиеттер және ұйымдастырушылық дағдылармен байланысты қабілет түрінде де сипаттауға болады.

Болашақ педагогтың өзін-өзі ұйымдастыру мәселесі қазіргі ғылыми әдебиеттерде білім беру жүйесінің басқа аспектілері сияқты кеңінен зерттелмеген. Әсіресе, мұндай тұжырымдама шетелдік әдебиеттер мен ғылыми-зерттеу жұмыстарында қолданыла бермейді. Алайда, өз зерттеулерінде топтық жұмыс шеңберінде өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қарастыратын A. Eiden, Y. Juresa, J. Göbel, R. Tuetsch, K. Klaeger, K. Gries [12; 124] зерттеуін атап өтуге болады. Студенттердің өзін-өзі ұйымдастыруын қалыптастыруда R. Isusi-Fagoaga, A. Garcia-Aracil [13; 3] аралас оқыту моделін қолданудың маңыздылығын атап көрсетеді.

Шетелдік авторлардың зерттеулерінде өзін-өзі ұйымдастыру бірқатар өзіндік үдерістердің жиынтығынан тұрады, соған орай A. Gramicci өзіне сыртқы ынталандыруға бағытталған әрекеттерден тұратын төрт негізгі үдерісті (өзін-өзі бақылау, өзін-өзі оқыту, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі күшейту) ұсынды [14; 3]. N. Saeid зерттеулерінде студенттердің ішкі мотивациясының нәтижесінде өзін-өзі ұйымдастыру дағдылары жоғары деңгейде болады, ал оның жоғары болуы студенттердің академиялық жетістіктерін жоғары етеді [15; 227].

Тәжірибе көрсеткендей, көптеген адамдар болашақ мамандардың, соның ішінде педагогтың өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруға жеткілікті көңіл бөлмейді. Әдетте, бұл жағдайда білім беру компоненті үлкен маңызға ие, яғни арнайы білімді игеру. Көп жағдайда білім алушылар өзін-өзі ұйымдастыру, қызметті жоспарлау, жеке уақыт пен мүмкіндіктерді ұтымды бөлу, ақпаратты іздеу және талдау, өз пікірлері мен ұжымдық жұмыстарды ұсыну және т.б. дағдыларының төмен деңгейінен туындаған қиындықтарға тап болады [16; 18].

Алайда, жоғарыда айтылғандай, аталмыш мәселе ғылыми әдебиеттерде аз зерттелген күйінде қалып отыр. Өзін-өзі ұйымдастыруды толық, нақты жоспарланған схема түрінде ұсынуға болмайды. Оны белгілі бір шеңберге қоюға тырысу оқу құрылымындағы (білім алушылар мен оқытушылар арасындағы) өзара тепе-теңдік қағидасын бұзады. Дегенмен, оқу үдерісінің барлық кезеңдерінде практикамен тікелей байланысты өзіндік жұмысы жүзеге асырылады. ЖЖОКБҰ қабырғасында тиімді ұйымдастырылған өзіндік жұмыс барысында білім алушылардың қызығушылықтары артып, жеке оқу қарқынына сәйкес әртүрлі ақпарат көздерін өздігінен пайдалануға, ынталандырушы оқу ортасын құра алады, соның нәтижесінде өзін-өзі ұйымдастыру қызметін қалыптастыруды қамтамасыз етуге болады.

Кез келген өзін-өзі ұйымдастырудың ерекше белгісі ретінде — оның мақсатты, бірақ стихиялық сипатта болуын атап өтуге болады. Өзін-өзі ұйымдастырудағы шоғырлану (мақсаттылық) — оқу үдерісін басқаруды ұйымдастырудың әдеттегі формалары сияқты әкімшілендіру емес, университет даярлай алатын мамандардың модельдерін анықтауды білдіреді [17].

Зерттеу жұмысының мақсаты — ЖЖОКБҰ-ның оқу-тәрбие үдерісінің құрамдас бөлігі болып саналатын болашақ педагог ретінде магистранттардың өзіндік жұмыстары барысында өзін-өзі ұйымдастыру құзыреттерін қалыптастыру, кәсіби қабілеттер мен дағдыларды игеру ерекшеліктерін анықтау. Ол үшін зерттеуде келесі міндеттер орындалды, атап айтқанда: «өзін-өзі ұйымдастыру»

және «өзіндік жұмыс» ұғымдарының мазмұны сипатталды; болашақ педагогтарды даярлау барысында олардың байланысы анықталды; магистранттардың өзін-өзі ұйымдастырудың жоғары деңгейін дамыту үшін қажетті негізгі тәсілдер мен құралдар ретінде ӨЖ түрлері талданды.

Материалдар мен әдістер

Бүгінгі таңда ЖЖОКБҰ-ның білім берудегі басты мақсаттарының бірі — білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандарды даярлау екені баршамызға мәлім. Ғылыми-педагогикалық мамандарды кәсіби даярлау магистратураның негізгі міндеттерінің бірі. Қазақстанның болашақ білімі мен ғылымының жетістігі жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің сапасымен, мазмұнымен және оқыту әдістерімен тығыз байланысты, өйткені ғылыми-педагогикалық бағытындағы магистранттар ЖЖОКБҰ-да педагог қызметін атқара алады. Олар оқытатын білім алушылардың тағдыры ғана емес, сондай-ақ олар еліміздің білім және ғылым саласындағы прогреске ықпал ететін болады. Сондықтан магистранттардың сапалы білім алуын қамтамасыз ету ЖЖОКБҰ-да білім берудің ажырамас міндеті.

Қазақстанда ЖЖОКБҰ-да кадрлар даярлауда магистратура екі бағыт бойынша білім беру бағдарламалары базасында жүзеге асырылады:

- 1) ғылыми-педагогикалық магистратура (оқу мерзімі екі жыл);
- 2) бейіндік магистратура (оқу мерзімі бір жылдан бір жарым жылға дейін).

Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратура ЖЖОКБҰ мен ғылыми ұйымдар үшін тереңдетілген ғылыми-педагогикалық және зерттеу даярлығы бар ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырады [18].

Зерттеу жұмысымызда болашақ педагог ролінде ғылыми-педагогикалық бағытындағы магистранттар алынды. Зерттеуге «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ әртүрлі білім беру бағдарламаларында оқитын ғылыми-педагогикалық бағытындағы 1-курс магистранттары қатысты. ЖЖОКБҰ-да болашақ педагогтардың оқу іс-әрекетінің өзін-өзі ұйымдастыру құзыреттерін қалыптастыруда өзіндік жұмыстың ролін анықтау мақсатында оларға сауалнама жүргізілді және олардың нәтижелері ұсынылды.

Қазіргі білім беру жүйесі магистранттардың жеке басын өзін-өзі ұйымдастыруға, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға бағытталғандықтан, олардың құндылық-мақсатты бағдарлары өзгереді. Сол себепті, ЖЖОКБҰ-ның оқыту үдерісінің құрамдас бөліктерін, мысалы: технологияларды, білім беру мазмұнын, оқыту әдіс-тәсілдерін және ұйымдастыру формаларын жаңғырту қажет. Күнделікті өмірде педагог қызметінде белгілі бір педагогикалық мәселелерді шешуге тап болады, сондықтан оған өзін-өзі ұйымдастыру, педагогикалық ойлау, меңгерген теориялық білімдерін іс жүзінде қолдану дағдылары қажет. Бұл білімдер тек педагогика ғана емес, сонымен қатар психология, дидактика, философия, мәдениеттану, әлеуметтану және т.б. салалармен байланысты болуы мүмкін. Осыған орай, жаңа ақпараттар легі күн сайын пайда болуда, яғни олар ғылыми зерттеулер, педагогикалық жаңа ой-тұжырымдамалар түрінде көрінеді. Осындай көптеген мәліметтер арасында педагогтан бағдарлау дағдыларын талап етеді және мәжбүрлейді. Сонымен қатар, ол алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуі және оларды эмпирикалық түрде дәлелдеуі немесе жоққа шығаруы керек. Ол үшін жеке іске асырылған жобаларды талдау, алынған нәтижелерді жүйелеу, жалпылау және талдау сияқты дағдыларын игеруі тиіс. Демек, жоғарыда аталған өзгерістер университет қабырғасында жүзеге асырылатын білім беру үдерісінде педагогикалық қажеттіліктерді жаңғыртуға алып келеді.

Аталмыш мәселелерді зерттеу бойынша философиялық, психологиялық-педагогикалық және әдіснамалық әдебиеттерді теориялық талдаудың арқасында ақпаратты жүйелеп, өзіндік жұмыс, өзін-өзі ұйымдастыру ұғымдарын, болашақ педагогтың өзін-өзі ұйымдастыру құзыреттерін қалыптастыру үдерісін, олардың өзін-өзі дамыту ерекшеліктерін қарастыруға мүмкіндік туды.

Талдау (анализ) әдісі жалпы мәселені бірнеше санатқа бөлу мақсатында қолданылды, яғни өзін-өзі ұйымдастыру құзыреті және өзіндік жұмыс ұғымдарының әрқайсысы анықталды. Нәтижесінде олардың мәні мен ерекшеліктері сипатталды.

Синтез әдісі, керісінше, бөлінген элементтерді біріктіріп, оларды бірлікте қарастыруына мүмкіндік берді. Ол өзін-өзі ұйымдастыруға сәйкес келетін негізгі қасиеттерді сипаттау үшін пайдаланылды, яғни болашақ педагогтарды даярлауда қандай ӨЖ түрлері мен тәсілдерін қолдануға болатыны ұсынылды.

Дедукция әдісі жұмыстың логикалық құрылымын қалыптастыруға негіз болды. Жалпы теориялық аспектілер өзіндік жұмыс пен өзін-өзі ұйымдастыру құзыреттерінің арасында белгілі бір дәрежеде байланыс орнатуға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Нәтижелер және оны талқылау

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі білім алушылардың өзіндік жұмысының мақсаты — оқу жұмыс жоспарында белгіленген ғылыми білімнің мөлшерін игеріп қана қоймай, болашақ педагог тұлғасын қалыптастыру. Мұндай тұлғаның қалыптасуы мен әрі қарай жетілуі белсенді және тәуелсіз қызмет барысында жүзеге асады.

Жоспарлы түрде ұйымдастырылған өзіндік жұмыс барысында білім алушылардың дербестігі, ақыл-ой тәуелсіздігі дамиды. Демек, магистрант қажетті білім деңгейін игерумен қатар, оны толықтырады, қазіргі шынайылықты білу үшін қажетті жалпы біліктер мен дағдыларды жетік меңгереді. Білім алушылардың дербестігі өз бетінше ойлау, туындаған жағдайларды бағдарлау және қажетті жағдаяттарда дұрыс шешімдер табу қабілетінде көрінеді.

Өзіндік жұмыстың келесідей дидактикалық мақсаттарын атап өтуге болады:

- білімді бекіту, тереңдету, жүйелеу, жаңа оқу материалын өз бетінше меңгеру;
- жалпы еңбек және кәсіби дағдыларын дамыту;
- өзіндік ақыл-ой еңбегі мен кәсіби құзыреттерін қалыптастыру;
- ойлаудың тәуелсіздігін дамыту;
- өзін-өзі ұйымдастыру қабілеттерін қалыптастыру [19; 86].

Білім алушылардың өзіндік жұмысын сәтті ұйымдастыру және оны жүзеге асыру факторлары: оқуға деген оң мотивациясы; танымдық қызығушылық; өзіндік жұмысты өзіңінен ұйымдастырудың практикалық біліктері мен дағдылары; курстардың заманауи бағдарламалары; әдістемелік өңдеулер мен нұсқаулар; оқулықтар және басқа да ақпараттық көздер; заманауи зертханалық жабдықтар; оқылатын курстың әр пәні бойынша өзіндік жұмысты ұтымды жоспарлау; оқытушылар тарапынан тиімді басшылық жасау; дербес тапсырмалардың орындалуын жүйелі бақылау және есепке алу.

ЖЖОКБҰ-да оқу іс-әрекетінің бұл түрінің маңыздылығы білім алушылардың өзіндік танымдық іс-әрекетке қабілеттілігін болжайтын, тұрақты өзін-өзі ұйымдастыру қажеттілігін қалыптастыру міндеті тұрғанда өзекті екені анық.

Өзін-өзі ұйымдастыру — жеке тұлғаны дамытуды мақсат ететін әлеуметтік тәжірибені игеру үшін, ішкі өзіндік ұйымдастыру жүйесі ретінде қарастырылады [20; 24]. Өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларының автоматты түрде пайда болмайтынын білеміз, бірақ ЖЖОКБҰ-да бүкіл оқу үдерісін белгілі бір ұйымдастырумен ғана мүмкін болатынын да ескеру қажет. Тек осы жағдайда болашақ педагогтың кәсіби өзін-өзі ұйымдастыру құзыреті қалыптасады.

Болашақ педагог тұлғасын қалыптастыруда жетекші рөлді ең алдымен, жақсы ұйымдастырылған оқу-практикалық жұмысы және өзіндік жұмысы атқарады. Болашақ педагогтың жеке басын қалыптастырудың маңызды құрамдас бөлігі — өзін-өзі ұйымдастыру қызметі, білім мен практикалық тәжірибені игеру және тереңдету. Өзін-өзі ұйымдастыру — бұл күрделі үдеріс, оның негізінде танымдық белсенділікті ынталандырып, болашақ педагогтың кәсіби қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді [21; 37].

Өзіндік жұмысты сәтті ұйымдастыру барысында білім алушылардың жоспарланған жұмысты орындау үшін объективті мүмкіндіктері анықталды. Бұл мүмкіндіктерді біз ұсынған өзіндік жұмысты ұйымдастырудың жеке-сараланған тәсіліне сүйене отырып анықтау қажет, мұнда білім алушылардың оқу курсына байланысты тиісті қиындық деңгейіндегі тапсырмалар беріледі.

Өзін-өзі ұйымдастыру үдерісін жүзеге асырудың қажетті шарттары — орын мен уақытты дұрыс ұйымдастыру, өз бетінше жұмыс істеу үшін қолайлы психологиялық-физиологиялық, санитарлық-гигиеналық жағдайлар жасау. Бұл орайда, магистрант тек қана оқу мен танып-білу жеткіліксіз екенін түсіну керек, ол үшін қажетті білік пен дағдыларға ие бола отырып, ақыл-ой мәдениетін меңгеру керек. Зияткерлік білік пен дағдыларды игеру болашақ педагогтың өзін-өзі ұйымдастыру іс-әрекетінің маңызды құрамдас бөлігі. Бұл біліктер мен дағдылар өзіңінен пайда бола алмайды, оларды игеру керек. Өзіндік жұмысты ұйымдастыру барысында ақпараттық көздермен жұмыс істеудің әртүрлі әдістемелік әдістерін меңгере отырып, баяндамалар, хабарламалар, ғылыми-зерттеу жұмыс түрлерін дайындауға үйренеді [22; 41].

ЖЖОКБҰ-да ұйымдастырылатын өзіндік жұмыс барысында магистрант өзінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыра отырып, білімін өзіңінен меңгеруі, іскерлігін дамытуы, табысты

болашақ кәсіби қызметі үшін практикалық тәжірибе алуы тиіс. Бұл ретте магистранттың өз бетінше ойлауы, оның ұтымды білім алуын қалыптастырудың маңызды шарты ретінде, маңызды мәселелерді шешу, білім беру материалын түсіну бойынша магистранттың өз белсенділігі үдерісінде қалыптасуы тиіс. Осы мәселелердің ішінде магистранттың жеке және кәсіби қалыптасуы үшін магистратурада оқудың маңыздылығын түсінуі маңызды.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі 2022 жылы бекіткен Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бойынша оқу жүктемесі магистранттың барлық оқу қызметін қамтиды. Оларға дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар, курстық жұмыстар (жобалар), практикалық және зертханалық жұмыстар, ғылыми немесе кәсіптік тағылымдама, ғылыми-зерттеу жұмысы, магистрлік диссертацияны (жобаны), өзіндік жұмысты, оның ішінде оқытушының жетекшілігімен орындау жатады. Аталған әрбір оқу қызметінде аудиториялық және аудиториядан тыс өзіндік жұмыс түрлері жүзеге асырылады [18].

Оқытудың кредиттік технологиясына сәйкес білім алушылардың өзіндік жұмысы оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін өзіндік жұмысы (бұдан әрі — ОБӨЖ) және толық өзі орындайтын жұмысы (бұдан әрі — БӨЖ) болып екіге бөлінеді.

Білім алушының өзіндік жұмысы (БӨЖ) — өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде бақыланатын, оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жасалатын жұмыс түрі. Ол ЖЖОКБҰ-да білім алушының санатына қарай студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ), магистранттың өзіндік жұмысы (МӨЖ) және докторанттың өзіндік жұмысы (ДӨЖ) болып бөлінеді.

Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ) — ЖЖОКБҰ немесе оқытушы анықтайтын жеке кесте бойынша жүргізіледі. Өзіндік жұмыс білім алушының санатына қарай: оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (ОСӨЖ), оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы (ОМӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін докторанттың өзіндік жұмысы (ОДӨЖ) болып бөлінеді;

Аталған өзіндік жұмыс түрлерінің бүкіл көлемі білім алушылардан күнделікті өзіндік жұмыс атқаруды талап ететін тапсырмалармен расталады [22].

Көптеген бакалаврды аяқтаған түлектер талдау, салыстыру, реферат жазу, дереккөздермен жұмыс істеу сияқты дағдыларының болуымен ғана шектеліп жатады, бірақ бұл болашақтағы кәсіби қызметінде белгілі бір кедергілер туындататыны сөзсіз. Атап айтар болсақ, өз ойларын нақты және анық жеткізе білмеуі, өз уақытын тиімді жоспарлай алмау, ақыл-ой қызметінің жеке ерекшеліктерін және физиологиялық мүмкіндіктерін ескермеу, өз бетінше жұмыс істеуге психологиялық дайындықтың болмауы, оны ұйымдастырудың жалпы ережелерін білмеуімен байланысты көптеген қиындықтарға тап болуы әбден мүмкін. Сондықтан, ЖЖОКБҰ-да оқытушылардың ӨЖ-ты ұтымды ұйымдастыру, оңтайландыру әдістерін әзірлеу, оларды оқу-тәрбие үдерісіне енгізуі өте маңызды.

Өзіндік жұмыс барысында білім алушылар материалды түсініп қана қоймай, оны есте сақтауы да қажет, себебі, ол пән бойынша өткен оқу материалын тереңдетуге мүмкіндік береді. Көпшілігі материалды жақсы түсініп меңгергенімен, қажетті сәтте белгілі бір мәселені шешуде, жылдам шешім қабылдауда игерген білімдерін қолдана алмай жатады, өйткені олар есте сақтау әдістерін білмейді және есте сақтауды мақсат етпейді. Мұнда біз ақпаратты есте сақтауды, қайта өңдеуді және ұмытуды қамтитын жады мәселесіне тап боламыз. Тәжірибе көрсеткендей, өзіндік жұмыс үдерісінде студенттер көбінесе есте сақтау үшін қайталау әдісін жиі қолданады, бірақ бұл көп уақытты қажет етеді және әрқашан күтілетін нәтижелерді бермейді. Есте сақтау үдерісін тиімдірек ету үшін, ақпаратты мәні жағынан құрылымдау әдістерін кеңінен қолдану қажет. Мысалы, кез келген тақырып бойынша конспект жасау кезінде тірек сөздерді бөліп, тезистер, негізгі атаулар мен маңызды мәлеметтерді жазып алу керек, бұл ақпаратты есте сақтауға ғана емес, оны қайта жаңғырту мүмкіндігін береді.

Жалпы, ЖЖОКБҰ-дағы оқу-тәрбие үдерісіне қатысты мәселелер мен міндеттерді түсіну және оларды шешу қабылдаумен, есте сақтаумен тығыз байланысты. Демек, ол үшін талдау, жүйелеу, салыстыру, жалпылау сияқты ақыл-ой операцияларына жүгіну керек. Мысалы, талдаудың нәтижесінде белгілі деректер ерекшеленеді және белгісіз, яғни табуды қажет ететін міндеттер туындайды. Бұл мәселені қолда бар құралдардың көмегімен немесе басқа ойлау операциялары арқылы шешуге болады. Өзіндік жұмыс үдерісінде ойлаудың маңызды жағы — бұл өз қызметін түсінуге бағытталған рефлексия [11; 77].

Тәуелсіз жұмыс істейтін магистрант болашақ педагог ретінде өз қызметін басқару әдістерін, өзін-өзі ұйымдастыру, өзіндік бақылау және өзін-өзі реттеу әдістерін меңгеруі тиіс. Адамның ақыл-ой әрекеті үшін оның тілмен және сөйлеумен байланысы маңызды. Кез келген ой сөйлеумен ажырамас байланыста пайда болады және әрі қарай дамиды. Сөйлеуді меңгеру деңгейі магистранттың танымдық қызметіне, соның ішінде олардың өзіндік жұмысына үлкен әсер етеді. Сөйлеуді меңгерудің жеткілікті жоғары деңгейі болмаса, табысты оқу іс-әрекеті мүмкін емес. Әртүрлі психикалық үдерістердің ерекшеліктерін ескере отырып, оқытушы студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруда тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануы керек.

Оқытушылардың тарапынан ӨЖ-ға басшылық жасау біртіндеп оқу үдерісінің субъектісі ретінде білім алушылардың өзін-өзі басқаруына және өзін-өзі ұйымдастыруына ауысуы керек. Магистранттың танымдық қызметі көбінесе оның жеке ерекшеліктерімен анықталады, себебі ерекше талдау қабілеті бар магистранттар зерттелетін жұмыстың барлық мәліметтері мен негізгілерін бөліп көрсетуге тырысады, бірақ көбінесе оның мағынасын түсіне бермейді, олардың жазбаша жұмыстары егжей-тегжейлі және көлемді болып келеді. Ал керісінше, басқалары ақпаратты қабылдауымен ерекшеленеді, яғни олар бөлшектерге мән бермейді және жалпылауға бейім. Олар зерттелгеннің мәнін тез түсінеді, сондықтан олар қайталауға қарағанда жоспарлар, тезистер, аннотациялар, түйіндемелер жасауда үлкен жетістіктерге жетеді. ӨЖ-ын жоспарлау және ұйымдастыруда оқытушылар осы ерекшеліктерді ескеріп, әртүрлі жұмыс түрлерін ұсынуы керек [21; 81].

Өзіндік жұмысты ұйымдастырудағы оң нәтижелерге педагогикалық көшбасшылықтың кез келген стилінде қол жеткізуге болады. Авторитарлық стильде орындалатын жұмысқа нақты нұсқаулар мен талаптар қойылады, оны орындаудың қатаң мерзімдері анықталады, қатаң бақылау жүзеге асырылады. Демократиялық оқу стилінде тек ұсыныстар беріліп, оқу тақырыбы мен тапсырманың сипатын өз бетінше таңдай алады: эссе, сыни шолу, баяндама және т.б. жұмыс нәтижелерін ауызша баяндау немесе жазбаша тапсыра алады. Магистранттар өз уақыттарын өздері жоспарлайды және оқытушының келісімі бойынша жұмысты тапсыру мерзімі әртүрлі болуы мүмкін. Демек, өзін-өзі ұйымдастыру магистранттардан ақыл-ой қасиеттерін дамытуды талап етеді: дербестік, қызығушылық, байқағыштық, икемділік, жүйелілік, танымдық міндеттерді қою және оны шешу қабілеті. Өз кезегінде, өзін-өзі ұйымдастыру іс-әрекетінің жүйелі түрде болуы тұлғаның психикалық дамуына үлкен ықпал ететіндігі сөзсіз [20; 33].

Өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруда семинарлар мен практикалық сабақтарына жүйелі түрде дайындалуда ӨЖ маңызды рөл атқарады. Сабақтарға дайындық барысында көпшілігі дәрістер мен оқулықтарды пайдаланады, бірақ ол жеткіліксіз. Ал біраз бөлігі өздігінен тандалған қосымша дереккөздерді қолданады. Бірақ өз бетінше жұмыс істеу және уақытты ұтымды бөлу қабілеттерінің болмауына орай, магистранттардың оқу және өзіндік жұмысы қанағаттанарлықсыз болады.

Семинарға қатысу магистранттың ой-өрісі мен сөйлеу мәдениетін дамытуға, педагогикалық әдептілік пен көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын тәрбиелеуге ықпал етеді, ал ол болашақ педагог тұлғасын қалыптастыруда ерекше орын алады. Сонымен бірге семинарлар еңбекқорлықты тәрбиелеудің тиімді құралы болып табылады, әлеуметтік-азаматтық ұстанымды, болашақ кәсібіне саналы көзқарасты дамытуға көмектеседі, танымдық белсенділікті дамытады, қосымша және арнайы әдебиеттерді пайдаланып, әртүрлі ақпараттық көздермен өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамытады.

Ұжымдық ӨЖ-тың белсенді түрі бойынша ЖЖОКБҰ-да оқу-практикалық сабақтардың маңызды түрі — пікірталастар. Олардың білімділік және тәрбиелік құндылығы — талқыланатын мәселелерді терең зерттеуді, сондай-ақ барлық магистранттармен талқыланатын тақырыптың белгілі бір жағдайын қорғауға дәлелдерді жұмылдыруды талап етеді. Бұл өзіндік жұмыстың шығармашылық бағытын көрсетеді, ол ұжымдық ақыл-ой әрекетін шындықты іздеуге, талқыланатын мәселені берік игеруге бағытталған.

Диспуттар пікірталастың әрбір қатысушысының жоғары ақыл-ой белсенділігін тудырады және ауызша пікірталасты жүргізу дағдыларын дамытады, шығармашылық ойды оятады, сонымен қатар магистранттардың дербестігі дамып, ойлаудың анықтығын қалыптастырады. Магистранттардың бұл шығармашылық тәуелсіздігі семинар сабақтарында қойылған мәселелерді ұжымдық талқылау ретінде пікірталаста үлкен көрініс табады.

Пікірталас семинарларды ұйымдастырудың маңызды түрлерінің бірі болса, онда мұндай негіздегі пікірталас ұжымдық әңгіменің, білім алудың, таным мақсаттарына қызмет ететін

шығармашылық пікірталастың маңызды формаларының бірі болуы мүмкін. Кез келген тақырып бойынша сұрақты талқылап, қойылған мәселенің шешу жолын табу магистранттарды қызықтырады. Бірақ семинарда пікірталастар өздігінен емес, зерттелетін материалдың мазмұнын тереңірек және жан-жақты ашу, оны егжей-тегжейлі талдау, зерттелетін нәрсені өз көзқарасымен бекіту немесе дұрыс емес пікірден бас тарту үшін қажет. Осылайша, пікірталас ғылыми негізделген, сенімді білім алуға ғана емес, сонымен бірге болашақ педагогтың дүниетанымы мен жеке басының қалыптасуына әкелетін тиісті сенімдерді дамытуға ықпал етеді [23; 133].

Сонымен, болашақ педагог ретінде магистранттардың өзін-өзі ұйымдастыру құзыреттерін қамтамасыз ету үшін, ЖЖОКБҰ-да өзіндік жұмыстың алуан түрлілігі мен оларды ұйымдастыруда педагогтың рөлі маңызды. Магистранттардың сабақтарға белсенді қатысуы, олардың жұмысының өнімділігі педагогтың өз жұмысын қалай ұйымдастыруына байланысты. Бірақ дербестікті дамытуда, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруда оқу үдерісіндегі бақылауды дұрыс ұйымдастыру маңызды рөл атқарады. Психологтар мен педагогтардың пікірінше, дұрыс ұйымдастырылған бақылау тек кері байланыс орнату функциясын ғана емес, сонымен бірге тәрбиелік әсер етеді, мысалы: оқуға деген қызығушылықты арттыруға ықпал етеді, өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыруды, білімді өзін-өзі бағалауды қамтамасыз етеді.


Болашақ педагогтарды даярлауда және оқу үдерісінің тиімділігін арттыруда магистранттардың өзін-өзі ұйымдастыру құзыреттерін қалыптастыруға жағдай жасайтын өзіндік жұмыс үлкен рөл атқарады. Демек, ЖЖОКБҰ-да ұйымдастырылатын өзіндік жұмыс тек форма ғана емес, сонымен қатар оқыту құралы да болып табылады, өйткені оның бірқатар функциялары бар, магистранттардың дамыту, ақпараттық, ынталандыру, зерттеу және тәрбиелік дағдыларын қалыптастырады. Дамытушылық функция креативті қызмет түрлерімен таныстырады және оның зияткерлік қабілеттерін байытады; ақпараттық функция сабақтағы оқу қызметін қамтиды; ынталандырушы функция кәсіби тұрғыдан дамуына ықпал етеді; зерттеу функциясы шығармашылық ойлаудың жаңа деңгейін қалыптастырады; тәрбиелік функция жеке қасиеттері мен қабілеттерін дамытады. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, өзіндік жұмыстың негізі бүкіл оқу үдерісін ынталандыратын және анықтайтын ғылыми-танымдық проблема болып табылатындығын атап өткен жөн.

Ғылыми-педагогикалық магистратурада магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрін қоса алғанда, оқудың барлық кезеңінде кемінде 120 академиялық кредитті мөлшері анықталған, ол кемінде 3600 академиялық сағатты құрайды [18].

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес білім алушының оқытушымен байланыс жұмысының арасындағы уақыт арақатынасын және оқу қызметінің барлық түрлері бойынша білім алушылардың өзіндік жұмысын ЖЖОКБҰ дербес анықтайды. Бұл ретте аудиториялық жұмыс көлемі әр пән көлемінің кемінде отыз пайызын, демек қалған 70 % -ын аудиториядан тыс (дербес) жұмыс көлемі құрайды.


Мысалы 7M01402 — «Инженерлік-педагогикалық қызмет» білім беру бағдарламасы бойынша магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде тағылымдамадан өту және магистрлік диссертацияны орындауға 2,3,4-семестрді қоса алғанда барлығы 720 сағат жоспарланса, оның 90 сағаты ОБӨЖ, ал қалған 630 сағаты БӨЖ-ге арналған. Сол сияқты магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға 240 сағат жоспарланса, оның 20 сағаты ОБӨЖ, 220 сағаты БӨЖ-ты құрайды. Бұл сағаттардың барлығы оқу жылының басында магистранттардың жеке оқу жоспарында бекітіледі. Айтылғандарды негізге ала отырып, магистрант аудиториядан тыс бір күндегі уақыттың шамамен 3-4 сағатын оқу пәндері бойынша дайындыққа, өзінің ғылыми-зерттеу жұмыстарына, өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындауға арнауы тиіс. Осыған орай, магистранттарға сауалнама жүргізілді, оның нәтижелері келесідей:

магистранттардың бір күнде өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындауға бөлетін уақыттың (сағат) орташа мөлшері диаграмма арқылы көрсетілген (1-сурет).



1-сурет. Күнделікті жұмсалған сағат мөлшері

1) магистранттардың оқу пәндерінен сабақтарға дайындалуы және F3Ж-мен жүйелі түрде айналысуға кететін бір аптадағы жұмсалған уақыт мөлшері ұсынылған (2-сурет).



2-сурет. Бір аптада жұмсалған уақыт мөлшері

2) оқу жүктемесімен қатар, өзіндік жұмыс тапсырмаларын аптасына біркелкі етіп бөлуге қатысты сұрақтың нәтижесі (3-сурет).



3-сурет. Бір аптаға тапсырмаларды тиімді жоспарлау

3) білім алушылардың оқу іс-әрекетін өзін-өзі ұйымдастыру деңгейі әртүрлі бағыттағы ақпарат көздерін пайдалануды білдіреді. Магистранттар өзіндік жұмыс барысындағы ақпарат көзі ретінде келесілерді қолданатындарын көрсетті:

- пән бойынша дәрістерді — 13,3 %;
- қосымша әдебиеттер — 13 %;
- ғаламтор ресурстарын — 73,7 %.

4) өзіндік жұмыстың тиімділігі неге байланысты деген сұраққа келесідей жауап қайтарылды:

- тұлғаның жеке күш-жігеріне — 82,6%;

— педагогтың ұйымдастыруына — 17,4%.

5) өзіндік жұмыстарға магистранттардың даярлығын оқытушы тарапынан қатаң бағалау кезінде пәнге деген қатынасы туралы мәселеде сауалнамаға қатысқандардың 76,2 %-ы оқытушының қатаң бағалауы және авторитарлық стильді қолдануы кезінде дайындыққа көбірек көңіл бөлетіндерін көрсетті. Ал қалған 23,8 %-ы демократиялық стиль мен еркіндікті қолдады.

6) «Сіз үшін өзіндік жұмыс деген не?» сұрақ бойынша төмендегідей ұсынымдар берілді және олардың жауаптары пайыздық мөлшермен келтірілді.

— пәнді немесе ғылымды терең білу және зерттеу мүмкіндігі — 25 %;

— өзін дәлелдеу мүмкіндігі — 15 %;

— оқытудың қажетті, ажырамас бөлігі — 57 %;

— өзіңізді біраз уақыт бос ұстау мүмкіндігі — 3 %.

7) Сауалнаманың соңғы сұрағы келесідей: «Сіз оқытушыға өзіндік жұмысты тиімді ұйымдастыру мақсатында қандай тапсырмаларды ұсына аласыз?». Әркім өз бетінше жұмыс жасаудың ерекше нұсқасын ұсынып, бұл сұраққа жазбаша жауап берді. Сонымен, жауаптарды жүйелеу кезінде келесі нұсқалар ұсынылды:

а) баспа мәтіндерінің көмегімен (үй тапсырмаларын тест түрінде орындау; семинарларды баспа түрінде орындау; дәрістерді баспа түрінде жазу).

ә) компьютердің көмегімен (интернет арқылы қашықтықтан оқыту; презентация түрінде тапсырмаларды орындау; тақырыптық бейнефильмдер көру және талдау, салыстыру жүргізу).

б) әлеуметтік желілердің көмегімен (білім алушылардың оқытушылармен бірігіп мәселелерді талқылау; жобалар өңдеу; кейс-стади тапсырмалары; интернет-ресурстың танымал сілтемелерімен бөлісу; әлеуметтік желілердегі сауалнамалар жүргізу, оның нәтижелерін талдау және деректер бойынша статистика жасау).

в) ұялы телефондардың (смартфондардың) көмегімен (Интернетке кіру үшін смартфондарды пайдалану; сабақта пайдалануға рұқсат ету; үй тапсырмасын жіберу).

Сонымен, магистранттарға жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдау барысында өзіндік жұмыстың құрылымдалған және іштей ынталандырылған жоғары деңгейін 52 %, орташа деңгейлік көрсеткішті 33 %, төмен деңгейді 15 % құрайды. Мұндай деңгейлік көрсеткіштерді көрсетудің бірнеше себептері бар, олардың ішінде: магистранттардың көпшілігі жұмыспен қамтылған, отбасылы адамдар болғандықтан, жауапкершілікті сезінеді, сонымен бірге оқытушы тарапынан бақылау және өзіндік бақылау да жүзеге асырылады. Осы сауалнаманың сұрақтарына жауап беру көрсеткіштері, магистранттар арасында оқу іс-әрекетінің өзін-өзі ұйымдастыруын қалыптастырудағы оң нәтижені көрсетеді. Бұл өз кезегінде кәсіби маңызды құзыреттердің қалыптасуын білдіреді.

Қорытынды

Жалпы айтқанда, ЖЖОКБҰ-дағы білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру болашақ педагогтың өзін-өзі ұйымдастыру құзыреттерін қалыптастыру мүмкіндігін беретіні айдан анық және осы үдеріске айтарлықтай оңтайлы ықпал етеді деген қорытынды жасауға болады. Зерттеу барысында күнделікті практикалық әрекетте өзін-өзі ұйымдастыру құзыреттерін шебер пайдалану магистранттарға көптеген мүмкіндіктер беретіндігі анықталды:

— ЖЖОКБҰ оқу үдерісінде меңгерген білімдеріне сүйеніп, білім беру стандарттарының талаптарына, өз қажеттіліктері мен мүдделеріне сәйкес дербес тереңдету және оны әрі қарай жетілдіру;

— кәсіби тәжірибеде білім, білік пен дағдылар жиынын қолданып, ақыл-ой еңбегі мен оны ғылыми ұйымдастыру әдістемесін игеру;

— болашақ педагогтың кәсіби қызметіне қажетті кәсіби-маңызды қасиеттер мен қабілеттерді қалыптастыру;

— шығармашылық педагогикалық жұмысқа және кәсіби өзін-өзі тәрбиелеуге дайындалу;

— өзін-өзі тәрбиелеу мен өзіндік жетілу.

Қорыта келе, семинар мен практикалық сабақтарды ұйымдастырудың аталған түрлерін өзіндік жұмысты ұтымды ұйымдастыру формалары ретінде қарастыруға болады. Өйткені, олардың әрқайсысы болашақ педагогтың өзін-өзі ұйымдастыру құзыреттерін қалыптастыру мүмкіндігін береді. Дегенмен, ЖЖОКБҰ-да жүзеге асырылатын оқу-тәрбие үдерісінің семинар және практикалық сабақтарын ұйымдастырудың бұл түрлерімен ғана шектеліп қалмайды.

Алайда, жоғарыда айтылғандай, әлеуметтік жағдайлар айтарлықтай серпінді әсер ету нәтижесінде болашақ педагогтарға қойылатын талаптарға ерекше назар аудару қажеттігі ескеріледі.

Сондықтан, бұл мәселені зерттеу өте ұзақ деп айтуға болады, бірақ алынған нәтижелер қоғамдағы өзгерген жағдайларды, соның ішінде білім алушылардың ықтимал мінез-құлқын міндетті түрде ескере отырып, үнемі талдау мен жаңартуды қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Пахмутова М.А. Самоорганизация личности студентов с различными стилями исследовательской деятельности: дис. ... канд. психол. наук : спец. 19.00.07 — педагогическая психология / М.А. Пахмутова. — Йошкар-Ола, 2018. — 205 с.
- 2 Закиров Г.С. Самообразование обучающихся / Г.С. Закиров. — Казань: Таткнигоиздат, 1967. — 82 с.
- 3 Шмурыгина Н.В. Особенности самоорганизации «студентов-гуманитариев» (на примере высших учебных заведений): дис. ... канд. соц. наук: спец. 22.00.04 — социальная структура, социальные институты и процессы / Н.В. Шмурыгина. — Хабаровск, 2016. — 159 с.
- 4 Наинг Х.Х. Формирование умений самоорганизации у студентов-химиков на основе синергетического подхода: дис. ... канд. пед. наук: спец. 13.00.08 — теория и методика профессионального образования / Х.Х. Наинг. — Курск, 2015. — 169 с.
- 5 Логвинова О.Н. Развитие умения самоорганизации учебной деятельности в технологическом образовании школьников: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01 / О.Н. Логвинова. — М., 2014. — 225 с.
- 6 Котова С.С. Технологии самоорганизации и саморазвития: монография / С.С. Котова. — Екатеринбург: Изд-во Рос. гос. проф.-пед. ун-та, 2022. — 195 с.
- 7 Капук Л.И. Образование длиною в жизнь: опыт Казахстана [Электронный ресурс] / Л.И. Капук // «Аккредитация в образовании». — 2020. — № 7 (123). — Режим доступа: https://akvobr.ru/obrazovanie_dlinnou_v_zhizn_kazakhstan.html
- 8 Низамова Ч.И. Развитие навыков самоорганизации студентов с применением технологии тайм-менеджмента / Ч.И. Низамова. — Казань: Школа, 2021. — 250 с.
- 9 Хамидуллин А.М. Синергетическое образование как основа формирования у обучающихся нового мировоззрения / А.М. Хамидуллин, А.Н. Маджуга // Вестник РУДН. Серия психология и педагогика. — 2012. — №4. — С. 44–52
- 10 Капица С.П. Синергетика и прогнозы будущего / С.П. Капица, С.П. Курдюмов, Г.Г. Малинецкий. — М.: Знание, 1997. — 285 с.
- 11 Анисимов О.С. Самость как основание высших форм самоорганизации человека и общества / О.С. Анисимов // Мир психологии. — 2011. — № 2. — С. 74–84.
- 12 Eiden A. Integrating digitisation, monitoring and self-organisation skills into integrated design engineering education / A. Eiden, Y. Juresa, J. Göbel, R. Tuetsch, K. Klaeger, K. Gries // Proceedings of the 23rd International Conference on Engineering and Product Design Education. — Denmark: VIA University in Herning, 2021. — P. 123–134.
- 13 Isusi-Fagoaga R. Assessing master students' competencies using rubrics: Lessons learned from future secondary education teachers / R. Isusi-Fagoaga, A. Garcia-Araçil // Sustainability (Switzerland). — 2020. — 12(23). — P. 1–15. DOI:10.3390/su12239826
- 14 Bramucci A. Self-regulated of learning / A. Bramucci // Annarita Bramucci. — I-tutor. — Macerata: University of Macerata, 2013. — 22 p.
- 15 Saeid N. Relationship between Student's Self-Directed-Learning Readiness and Academic Self-Efficacy and Achievement Motivation in Students / N. Saeid, T. Eslaminejad // International Education Studies. — 2017. — Vol. 10. — No. 1. — P. 225–232.
- 16 Iranzo-García P. Improve the teaching competencies on linguistic-communicative area of future teachers on early childhood education by using service-learning / P. Iranzo-García, C. Barrios-Arós, J. Tierno-García // Revista Lusofona De Educacao. — 2020. — 50(50). — 125–141. DOI:10.24140/issn.1645-7250.rle50.09
- 17 Ritella G. Students' self-organization of the learning environment during a blended knowledge creation course / G. Ritella, F.F. Loperfido // Education Sciences. — 2021. — 11(10). — Article number 580. DOI:10.3390/educsci11100580
- 18 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916>
- 19 Шаушенова А.Г. Жоғары оқу орнында студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру принциптері мен түрлері / А.Г. Шаушенова, М.Б. Оңғарбаева, Ш.Е. Ахметжанова, Ж. Алтынбекова // Қазақ білім академиясының баяндамалары. — 2020. — № 1. — Б. 83–89.
- 20 Агранович Е.Н. Самоорганизация учебной деятельности студентов на основе технологии «тайм-менеджмент»: дис. ... д-ра филос. наук : спец. 6D010200 — педагогика и методика начального обучения / Е.Н. Абрамович. — Алматы, 2020. — 212 с.
- 21 Котова С.С. Самостоятельная работа студентов: проектный подход: учеб. пос. / С.С. Котова, И.И. Хасанова. — Екатеринбург: Изд-во Рос. гос. проф.-пед. ун-та, 2018. — 194 с.
- 22 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100006976>

23 Троянская С.Л. Компетентностный подход к реализации самостоятельной работы студентов: учеб. пос. / С.Л. Троянская, М.Г. Савельева. — Ижевск, Изд-во УдГУ, 2013. — 110 с.

Н.С. Байжуманова, А.С. Раимкулова

Роль самостоятельной работы в формировании компетенций самоорганизации будущего педагога

В статье рассматривается роль самостоятельной работы, организуемой в организациях высшего и послевузовского образования (ОВПО), и их взаимосвязь в формировании компетенций самоорганизации будущего педагога. Самостоятельная работа характеризуется как одна из важнейших составляющих педагогического процесса в ОВПО. Кроме того, определяется дидактическая цель самостоятельной работы, важные характеристики особенностей их организации и применяемых методов. Проблемы исследования раскрываются в определении роли самостоятельной работы в формировании компетенций самоорганизации будущих педагогов. Теоретическая значимость исследования заключается в том, что правильно и эффективно организованная самостоятельная работа оказывает непосредственное влияние на формирование качеств, необходимых для профессиональной деятельности будущего педагога, а также компетенций самоорганизации. Самостоятельная работа рассматривалась в рамках организации аудиторных и внеаудиторных занятий. Такая работа в процессе профессиональной подготовки будущих педагогов оказывает существенное влияние на формирование профессиональных умений и навыков, личностных качеств и способностей, необходимых для самоорганизации, культуры умственного труда, навыков самостоятельного усвоения новых знаний. Поэтому, в исследовательской работе в роли будущего педагога выступили обучающиеся магистратуры научно-педагогического направления Карагандинского технического университета имени Абылхаса Сагинова и представлены их результаты. Результаты анкетирования показывали положительную динамику в формировании компетенций самоорганизации учебной деятельности среди магистрантов, а значит, отражают формирование профессиональных компетенций.

Ключевые слова: самоорганизация, самостоятельная работа, будущий педагог, магистрант, педагогический процесс, педагогические навыки, компетенции, профессиональная деятельность, ОВПО.

N.S. Baizhumanova, A.S. Raimkulova

The role of independent work in the formation of self-organization competencies of a future teacher

The article examines the role of independent work organized in higher and postgraduate education institutions (HEIs) and its connection to the development of self-organization competencies in future educators. Independent work is identified as a crucial component of the pedagogical process in HEIs, focusing on its didactic purpose, organizational characteristics, and applied methods. The research addresses the significance of independent work in developing self-organization competencies in future educators. The theoretical importance of the study lies in the fact that properly and effectively organized independent work directly impacts the development of qualities necessary for the professional activities of future educators, as well as their self-organization competencies. Independent work was analyzed within the framework of both classroom and extracurricular activities. Independent work in the professional training of future educators significantly influences the development of professional skills, personal qualities, and abilities necessary for self-organization, intellectual labor culture, and the independent acquisition of new knowledge. In this context, the research involved master's students in the scientific-pedagogical direction from Karaganda Technical University named after A. Saginov. The survey results demonstrated a positive dynamic in the formation of self-organization competencies in educational activities among the master's students, reflecting the development of their professional competencies.

Keywords: self-organization, independent work, future teacher, undergraduate, pedagogical process, pedagogical skills, competencies, professional activity, HEIs.

References

- 1 Pakhmutova, M.A. (2018). Samoorganizatsiia lichnosti studentov s razlichnymi stiliami issledovatel'skoi deiatelnosti [Self-organization of the personality of students with different styles of research activity]. *Candidate's thesis*. Yoshkar-Ola [in Russian].
- 2 Zakirov, H.S. (1967). *Samoobrazovanie obuchaiushchikhsia [Self-education of students]*. Kazan: Tatknioizdat [in Russian].

- 3 Shmuryhina, N.V. (2016). Osobennosti samoorganizatsii «studentov-gumanitariyev» (na primere vysshikh uchebnykh zavedenii) [Features of self-organization of “humanities students” (on the example of higher educational institutions)]. *Candidate's thesis*. Khabarovsk [in Russian].
- 4 Nainh, Kh.Kh. (2015). Formirovanie umenii samoorganizatsii u studentov-khimikov na osnove sinergeticheskogo podkhoda [Formation of self-organization skills among chemistry students based on a synergetic approach]. *Candidate's thesis*. Kursk [in Russian].
- 5 Logvinova, O.N. (2014). Razvitie umeniia samoorganizatsii uchebnoi deiatelnosti v tekhnolohicheskom obrazovanii shkolnikov [Development of the ability to self-organize educational activities in technological education of schoolchildren]. *Candidate's thesis*. Moscow [in Russian].
- 6 Kotova, S.S. (2022). *Tekhnologii samoorganizatsii i samorazvitiia [Technologies of self-organization and self-development]*. Ekaterinburg: Izdatelstvo Rossiiskogo gosudarstvennogo professionalno-pedagogicheskogo universiteta [in Russian].
- 7 Kashuk, L.I. (2020). Obrazovanie dlinoiu v zhizn: opyt Kazakhstana [Lifelong education: the experience of Kazakhstan]. *Akkreditatsiia v obrazovanii — Accreditation in education*, 7(123). Retrieved from https://akvobr.ru/obrazovanie_dlinnou_v_zhizn_kazahstan.html [in Russian].
- 8 Nizamova, Ch.I. (2021). *Razvitie navykov samoorganizatsii studentov s primeneniem tekhnologii taim-menedzhmenta [Development of students' self-organization skills using time management technology]*. Kazan: Shkola [in Russian].
- 9 Khamidullin, A.M., & Madzhuha, A.N. (2012). Sinergeticheskoe obrazovanie kak osnova formirovaniia u obuchaiushchikhsia novogo mirovozzreniia [Synergetic education as the basis for the formation of a new worldview among students]. *Vestnik Rossiiskogo universiteta druzhby narodov. Seriya: Psikhologiya i Pedagogika — Bulletin of the Peoples' Friendship University of Russia Peoples' Friendship University of Russia. Series: Psychology and Pedagogy*, 4, 44–52 [in Russian].
- 10 Kapitsa, S.P., Kurdiymov S.P., & Malinetskiy, H.H. (1997). *Sinergetika i prognozy budushchego [Synergetics and future forecasts]*. Moscow: Znanie [in Russian].
- 11 Anisimov, O.S. (2011). Samost kak osnovanie vysshikh form samoorhanizatsii cheloveka i obshchestva [The Self as the foundation of the highest forms of self-organization of man and society]. *Mir psikhologii — The world of psychology*, 2, 74–84 [in Russian].
- 12 Eiden, A., Juresa, Y., Göbel, J., Tuetsch, R., Klaeger, K., & Gries, K. (2021). Integrating digitisation, monitoring and self-organisation skills into integrated design engineering education. *Proceedings of the 23rd International Conference on Engineering and Product Design Education*. (pp. 123–134). Denmark: VIA University in Heming.
- 13 Isusi-Fagoaga, R., & García-Aracil, A. (2020). Assessing master students' competencies using rubrics: Lessons learned from future secondary education teachers. *Sustainability (Switzerland)*, 12(23), 1–15.
- 14 Bramucci, A. (2013). Self-regulated of learning. I-tutor. Macerata: University of Macerata.
- 15 Saeid, N., & Eslaminejad, T. (2017). Relationship between Student's Self-Directed-Learning Readiness and Academic Self-Efficacy and Achievement Motivation in Students. *International Education Studies*. 10, 1, 225–232.
- 16 Iranzo-García, P., Barrios-Arós, C., & Tierno-García, J. (2020). Improve the teaching competencies on linguistic-communicative area of future teachers on early childhood education by using service-learning. *Revista Lusofona De Educacao — Lusophone Journal of Education*, 50(50), 125–141.
- 17 Ritella, G., & Loperfido, F.F. (2021). Students' self-organization of the learning environment during a blended knowledge creation course. *Education Sciences*, 11(10), 580.
- 18 (2022). “Zhogary zhane zhogary oqu omynan keingi bilim berudin memlekettik zhalpyga mindetti standarttaryn bekitu turaly”. Qazaqstan Respublikasy Gylym zhane zhogary bilim ministrinin 2022 zhylygy 20 shildedehi № 2 buirygy [“On approval of State mandatory standards of higher and postgraduate education”. Order of the Minister of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan dated July 20, 2022 No. 2]. (2022, 20 July). *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916> [in Kazakh].
- 19 Shaushenova, A.H., Ongarbaeva, M.B., Akhmetozhanova, Sh.E., & Altynbekova, Zh. (2020). Zhogary oqu omynnda studentterdin ozindik zhumystaryn uymdastyru printsipteri men turleri [Principles and types of Organization of independent work of students in a higher educational institution]. *Qazaq bilim akademiiasyryn baiandamalary — Reports of the Kazakh Academy of Education*, 1, 83–89 [in Kazakh].
- 20 Ahranovich, E.N. (2020). Samoorganizatsiia uchebnoi deiatelnosti studentov na osnove tekhnologii «taim-menedzhment» [Self-organization of students' learning activities based on time management technology]. *Doctor's thesis*. Almaty [in Russian].
- 21 Kotova, S.S., & Khasanova, I.I. (2018). *Samostoitelnaia rabota studentov: proektnyi podkhod [Independent work of students: a project approach]*. Ekaterinburg: Izdatelstvo Rossiiskogo gosudarstvennogo professionalno-pedagogicheskogo universiteta [in Russian].
- 22 (2011). “Zhogary zhane (nemese) zhogary oqu omynan keingi bilim beru uymdarynda oqytudyn kredittik tekhnologiyasy boynsha oqu protsesin uymdastyru qagidalaryn bekitu turaly” Qazaqstan Respublikasy Bilim zhane gylym ministrinin 2011 zhylygy 20 sauirdegi № 152 buirygy [Order of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated April 20, 2011 No. 152 “On approval of the Rules for organizing the educational process on credit technology of education in organizations of higher and (or) postgraduate education”]. (2011, 20 April). *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100006976> [in Kazakh].
- 23 Troianskaia, S.L., & Saveleva, M.H. (2013). *Kompetentnostnyi podkhod k realizatsii samostoitelnoi raboty studentov [A competence-based approach to the implementation of students' independent work]*. Izhevsk, Izdatelstvo Udmurtskogo gosudarstvennogo universiteta [in Russian].

Information about the authors

Baizhumanova, N.S. — Master of Pedagogy, Senior Lecturer, Karaganda Technical University named after Abylkas Saginov, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: *nazira82@mail.ru*, ORCID ID: 0000-0001-9078-5849, Scopus Author ID 57210142331

Raimkulova, A.S. — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Kyrgyz National University named after Zh. Balasagyn, Bishkek, Kyrgyzstan; e-mail: *rajmkulowa@yandex.com*, ORCID ID: 0000-0002-0510-6125

Buketov University